

Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурста қатысушылардың материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау қағидаларын және "Қазақстанның үздік тауары" өңірлік және республикалық көрме-конкурстарына ұсынылатын материалдар мен өнімді ресімдеу, ұсыну және алдын ала сараптамалық бағалау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 шілдедегі N 1167 Қаулысы.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.03.2025 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурс және "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме конкурсы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы N 194 Жарлығының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.07.28 N 757 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурста қатысушылардың материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.03.2025 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-1. Қоса беріліп отырған "Қазақстанның үздік тауары" өңірлік және республикалық көрме-конкурстарына ұсынылатын материалдар мен өнімді ресімдеу, ұсыну және алдын ала сараптамалық бағалау қағидалары бекітілсін.

Ескерту. Қаулы 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.07.28 N 757 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.03.2025 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын алуға арналған конкурста қатысушылардың материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау ережелерін және "Алтын сапа" өңірлік және республикалық көрме-конкурстарына ұсынылатын материалдар мен өнімді ресімдеу, ұсыну және алдын ала сараптамалық бағалау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 қарашадағы N 1059 қаулысының (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 41, 449-бап) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 31 шілдедегі
№ 1167 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурсқа қатысушылардың материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 02.07.2018 № 402 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурсқа қатысушылардың материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурсы және "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы № 194 Жарлығына (бұдан әрі – Жарлық) сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурсқа (бұдан әрі – конкурс) қатысушылардың материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау тәртібін белгілейді.

2. Материалдарды ресімдеу және ұсыну тәртібі

3. Сыйлық алуға арналған конкурсты ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі – конкурсты ұйымдастырушы) болып табылады.

Конкурсқа қатысу үшін конкурсқа қатысушылар өңірлік кәсіпкерлер палаталарына www.altynsapa.kz сайтында электрондық нысанда және (немесе) қағаз нысанда 1 шілдеге дейінгі мерзімде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтінімді және мыналарды:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған сауалнама-декларацияны;

2) конкурсқа қатысушының өз қызметінің және сапа саласындағы нақты нәтижелерінің деңгейін өзіндік бағалауды білдіретін А4 пішіміндегі 38 парақтан аспайтын есебін;

3) есепке қосымшаны (диаграммалар, графиктер, кестелер, құжаттардың көшірмелері) – А4 пішіміндегі 30 парақтан аспайды;

4) конкурсты ұйымдастырушы белгілеген нысан бойынша өлшемшарттар көрсеткіштері негізінде толтырылған конкурсқа қатысушының сапа саласындағы қызметін өзін-өзі бағалау бойынша сауалнаманы;

5) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесін, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы;

6) менеджмент жүйелеріне арналған сертификаттардың көшірмесін қамтитын құжаттар жиынтығын тапсырады.

4. Конкурсқа қатысушының есебі мыналардан тұруға тиіс:

1) конкурсқа қатысушы қызметіне қысқаша шолу;

2) Қазақстан Республикасының Президенті сыйлығының моделіне сәйкес белгіленген өзіндік бағалау өлшемшарттарының сипаты.

5. Көлемі А4 пішіміндегі 6 парақтан аспайтын қысқаша шолуда мыналар қамтылуға тиіс:

1) конкурсқа қатысушының тарихы;

2) өнімнің (қызметтердің) негізгі түрлерінің сипаты;

3) ұйымдық құрылымы;

4) өнімнің (қызметтердің) сапасына қойылатын негізгі талаптар;

5) өнімді өткізетін негізгі нарықтар немесе көрсетілген қызметтер туралы ақпарат (өңірлік, республикалық, халықаралық);

6) өнімді (қызметтерді) негізгі тұтынушылардың сипаттамасы;

7) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша негізгі көрсеткіштер туралы ақпарат;

8) конкурсқа қатысушының маңыздылығын білдіретін өзге ақпарат.

6. Конкурсқа қатысушы конкурсқа қатысуға өтінім берген сәттен бастап конкурсты ұйымдастырушы, конкурсты ұйымдастырушының шешімімен құрылған конкурсты ұйымдастырушының сараптамалық тобы (бұдан әрі – конкурсты ұйымдастырушының сараптамалық тобы) және өңірлік кәсіпкерлер палаталарының шешімімен құрылған сараптамалық топтар (бұдан әрі – сараптамалық топтар) конкурс материалдарында қамтылған ақпаратқа қатысты толық құпиялылықты қамтамасыз етеді.

Өңірлер мен номинациялар бөлінісіндегі қатысушылар тізімі конкурстың ресми сайтында қолжетімді болады. Толық емес құжаттар жиынтығымен өтінім берген кәсіпкерлік субъектілері конкурсқа қатысушылардың тізіміне енгізілмейді.

7. Конкурсқа қатысушының мүмкіндіктері мен қызметінің нәтижелерін сипаттайтын өлшемшарттарды (бұдан әрі – өлшемшарттар) конкурсты ұйымдастырушы айқындайды.

3. Материалдарды алдын ала бағалау тәртібі

8. Ұсынылған материалдарға алдын ала бағалау жүргізу:

1) конкурсқа қатысушылардың материалдарына және қызметіне жергілікті жерлерде алдын ала бағалау жүргізуді;

2) конкурс ұйымдастырушысы сараптамалық тобының конкурсқа қатысушылардың материалдарын алдын ала бағалауын және олар бойынша алдын ала қорытынды дайындауын қамтиды.

Конкурсқа қатысушылардың материалдарын алдын ала бағалауды сараптамалық топтар және конкурсты ұйымдастырушының сараптамалық тобы жүзеге асырады.

9. Конкурсқа қатысушылардың материалдары мен қызметіне жергілікті жерлерде алдын ала бағалау жүргізу үшін конкурсты ұйымдастырушының шешімімен сапа менеджменті жүйелерін сертификаттау жөніндегі сарапшы-аудиторлар мен тиісті білім саласындағы мамандар, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері арасынан сараптамалық топтар құрылады.

Сараптамалық топтардың жергілікті жерлердегі сандық құрамы 3 (үш) адамнан кем болмауға тиіс.

10. Конкурсқа қатысушылардың материалдары мен қызметін жергілікті жерлерде алдын ала бағалауды сараптамалық топтар конкурсты ұйымдастырушы бекіткен кестеге сәйкес жүзеге асырады.

Конкурсқа қатысушылардың материалдары мен қызметін жергілікті жерлерде алдын ала бағалау нәтижелері бойынша сараптамалық топтар өңірлерде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес сараптамалық қорытындыны жасайды және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес балл түрінде баға қояды.

11. Сараптамалық топтар жергілікті жерлерде конкурсқа қатысушылардың материалдары мен қызметіне алдын ала бағалау жүргізгеннен кейін құжаттар жиынтығы мен сараптамалық қорытынды 15 тамызға дейінгі мерзімде конкурсты ұйымдастырушыға жіберіледі.

12. Конкурсқа қатысушылардың материалдарына алдын ала бағалау жүргізу және олар бойынша алдын ала қорытынды дайындау үшін республикалық конкурсты ұйымдастырушының шешімімен сапа менеджменті жүйелерін сертификаттау жөніндегі сарапшы-аудиторлар мен тиісті білім саласындағы, мүдделі мемлекеттік органдардың мамандары, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен конкурсты ұйымдастырушының сараптамалық тобы құрылады.

Конкурсты ұйымдастырушының сараптамалық тобының сандық құрамы 9 (тоғыз) адамнан кем болмауға тиіс.

13. Конкурсты ұйымдастырушының сараптамалық тобы конкурсқа қатысушылардың материалдарын, сараптамалық топтардың сараптамалық қорытындыларын қарайды және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес балл түрінде алдын ала бағаларды қояды.

Президентінің "Алтын сапа"
сыйлығын алуға арналған конкурсқа
қатысушылардың материалдарын
ресімдеу, ұсыну және алдын ала
бағалау қағидаларына
1-қосымша

**Тіркеу нөмірі _____ Конкурсты ұйымдастырушы – Қазақстан Республикасының
Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа"
сыйлығын алуға арналған конкурсқа қатысуға өтінім**

1. Өтінім беруші Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы _____

Мекенжайы _____

Ресми сайт _____

Жұмыс істеу кезеңі _____

2. Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің басшысы _____

Тегі, аты, әкесінің аты _____

Лауазымы _____

Мекенжайы _____

Қызметтік/ұялы телефоны, факс, e-mail _____

3. Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің сипаттамасы Жұмыскерлердің жалпы саны
_____ Филиалдар саны (болған кезде) _____

Қосымша: Құжаттар жиынтығы.

Басшының қолы _____ жылғы " __ " _____ МО

* Электрондық нысанда тапсырылған кезде өтінім электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) куәландырылады.

** Өтінімге осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген қағаз және/немесе электрондық нысанда (сканерленген) конкурстық құжаттар қоса беріледі.

Қазақстан Республикасы
Президентінің "Алтын сапа"
сыйлығын алуға арналған
конкурсқа қатысушылардың
материалдарын ресімдеу, ұсыну
және алдын ала бағалау
қағидаларына
2-қосымша

**Тіркеу нөмірі _____ Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа"
сыйлығын алуға арналған конкурсқа қатысушының сауалнама-декларациясы**

Номинациясы _____

Санаты _____

Өңір _____

1. Конкурсант Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы _____

Заңды мекенжайы _____

— Нақты мекенжайы _____

— Ресми сайты _____

— 2. Басшы Тегі, аты, әкесінің аты _____

— Лауазымы _____

— Пошталық мекенжайы _____

— Қызметтік телефоны (оның ішінде ұялы телефоны) _____ e-mail: _____

3. Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы туралы мәліметтер

Кәсіпорынның құрылған күні _____

— Жұмыскерлердің жалпы саны _____

Филиалдар саны (болған кезде) _____

Негізгі қызмет түрлері _____

— Шығарылатын өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) аса маңызды түрлерінің үш атауы, СЭҚ ТН коды _____

4. Уәкілетті және конкурса жауапты адам Тегі, аты, әкесінің аты _____

Лауазымы _____

Телефоны (оның ішінде ұялы телефоны) _____ e-mail: _____

факс _____

5. Декларация

Кәсіпорын атынан біз конкурса қатысушылар үшін белгіленген қағидаларды орындауға келісетінімізді және Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығы лауреаттарының атақтарын беру жөніндегі комиссияның шешімін түпкілікті деп қабылдайтынымызды мәлімдеймін. Жергілікті жерлерде алдын ала бағалау жүргізу қажет болған жағдайда, біз оны ашық және шынайы өткізуге көмек көрсетеміз. Біз кәсіпорынның осындай сараптамаға байланысты шығыстарды көтеретінін түсінеміз.

Басшының қолы _____ жылғы " ____ " _____ МО

Қазақстан Республикасы
Президентінің "Алтын сапа"
сыйлығын алуға арналған конкурсқа
қатысушылардың материалдарын
ресімдеу, ұсыну және алдын ала
бағалау қағидаларына
3-қосымша

**Негізгі көрсеткіштер туралы ақпаратты ұсыну нысаны Қазақстан Республикасы
Президентінің "Алтын сапа" сыйлығына үміткер ұйымның атауы _____**

Р/с №	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі*	Алдыңғы 3 жылда			Өсу қарқыны %	Жоспар
			20__ жылы	20__ жылы	20__ жылы		
1.	Негізгі капиталға инвестициялар көлемі	млн. тг.					
2.	Өндірілген өнім көлемі	млн. тг.					
3.	Сатылған өнім көлемі						
4.	Сатудың жалпы көлеміндегі экспорт	%					
		млн. тг					
5.	Рентабельділігі	%					
6.	Қазақстандық қамту дәрежесі	%					
7.	Жұмыс істеушілердің орташа айлық саны	адам					
8.	Орташа айлық еңбекақысы	тг					
9.	Ұйым өнімдерінің нарықтағы үлесі	%.					

* алдыңғы жылға (салыстырмалы цифрларда) % түрінде көрсетуге болады

Кәсіпорын басшысы _____ Бас бухгалтер _____

Президентінің "Алтын сапа"
сыйлығын алуға арналған конкурста
қатысушылардың материалдарын
ресімдеу, ұсыну және алдын ала
бағалау қағидаларына
4-қосымша

Сараптамалық қорытынды

Номинациясы _____

Санаты _____

Кәсіпорынның атауы _____

Өңір _____

Басшысы (ресми лауазымы) _____

Басшының Т.А.Ә. _____

Кәсіпорын _____ жылы құрылды Жұмыскерлер саны _____ адам. Негізгі қызмет түрлері _____

Ұйым өнімдерінің (көрсетілетін қызметтердің) нарықтағы үлесін, экспортты, жаңа өнім түрлерін игеруді, заттық және (немесе) ақшалай нысанда өндіру және сату көлемін, өнімдегі қазақстандық қамту дәрежесін, сертификатталған менеджмент жүйелерінің болуын, кәсіпорынның сала мен қоғамды дамытуға қосқан үлесін, өнертабыстардың, патенттердің болуын, конструкциялар жаңалығын, кәсіпорынның (ұйымның) норма шығармашылығы процесіне, қайырымдылыққа қатысуын және т.б. қоса алғанда, жалпы қызмет нәтижелерінің сипаттамасы (А4 пішімінде көлемі 1 парақтан аспауға тиіс).

Қорытындылар:

Күшті жақтары _____

Әлсіз жақтары _____

Ұсыныстар: _____

Конкурсанттың құжаттары:	Балл түрінде сараптамалық баға
--------------------------	--------------------------------

Қолы _____ жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Президентінің "Алтын сапа"
сыйлығын алуға арналған
конкурста қатысушылардың
материалдарын ресімдеу, ұсыну
және алдын ала бағалау
қағидаларына
5-қосымша

Бағалаудың жиынтық кестесі _____ (заңды
тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы)

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.03.2025 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Өлшемшарттар және өлшемшарттардың құрамдас бөліктері	Баллмен берілген ең жоғары баға	Өзін-өзі баллмен бағалау	Балл түріндегі бағалар		
			Өңірдегі сарапта - малық топ	Конкурсты ұйымдастырушының сараптамалық тобы	Кәсіпорындарға ба ру қорытындылары бойынша
1	2	3	4	5	6
Мүмкіндіктерді сипаттайтын өлшемшарттар (1-5)	500				
1. Көшбасшылық	100				
2. Стратегия	100				
3. Персонал	100				
4. Әріптестік және ресурстар	100				
5. Процестер, өнімдер және көрсетілетін қызметтер	100				
Нәтижелерді сипаттайтын өлшемшарттар (6-9)	500				
6. Тұтынушы үшін нәтижелер	150				
7. Персонал үшін нәтиже	100				
8. Қоғам үшін нәтиже	100				
9. Бизнес үшін нәтиже	150				
10. Барлық өлшемшарттар бойынша баллдардың жалпы саны	1000				
Жиыны:					

Тұжырымдар: _____

Ұсыныстар: _____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____

Т.А.Ә. _____

(сараптамалық топ төрағасының қолы)

"Қазақстанның үздік тауары" өңірлік және республикалық көрме-конкурстарына ұсынылатын материалдар мен өнімді ресімдеу, ұсыну және алдын ала сараптамалық бағалау қағидалары 1. Жалпы ережелер

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 02.07.2018 № 402 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. "Қазақстанның үздік тауары" өңірлік және республикалық көрме-конкурстарына ұсынылатын материалдар мен өнімді ресімдеу, ұсыну және алдын ала сараптамалық бағалау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурс және "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы № 194 Жарлығына (бұдан әрі – Жарлық) сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар "Қазақстанның үздік тауары" өңірлік және республикалық көрме-конкурстарына (бұдан әрі – өңірлік конкурс, республикалық конкурс) ұсынылатын материалдар мен өнімді ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау тәртібін белгілейді.

3. "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсының (бұдан әрі – конкурс) ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі – конкурсты ұйымдастырушы) болып табылады, "Қазақстанның үздік тауары" өңірлік көрме-конкурстарының ұйымдастырушылары облыстар, республикалық маңызы бар қала мен астананың кәсіпкерлер палаталары (бұдан әрі – өңірлік конкурстарды ұйымдастырушылар) болып табылады.

4. Республикалық конкурсты және оның дипломанттарын марапаттау рәсімін өткізу салтанатты түрде өткізіледі.

2. Өңірлік конкурстарға ұсынылатын материалдар мен өнімді ресімдеу, ұсыну және алдын ала сараптамалық бағалау тәртібі

5. Өңірлік конкурсқа қатысуға:

1) Қазақстан Республикасының аумағында өнеркәсіп, азық-түлік тауарларын және өндірістік-техникалық мақсаттағы (қару-жарақ пен әскери техника өндірісін қоспағанда) өнімдерді өндіруді жүзеге асыратын;

2) өнім сапасының тұрақты жоғары деңгейін қамтамасыз ету және оны жүйелі түрде жақсарту бойынша оң нәтижелері бар заңды тұлғалар немесе дара кәсіпкерлер (бұдан әрі – конкурсқа қатысушылар) үміткер бола алады.

6. Конкурса қатысушылар www.altynsapa.kz сайтында электрондық нысанда және (немесе) қағаз пішімде кәсіпорынның тіркеу орны бойынша өңірлік кәсіпкерлер палаталарына мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтінім;
- 2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес сауалнама-декларация;
- 3) сәйкестік сертификаттары мен сапа және қауіпсіздік туралы қорытындылардың көшірмелері (болған кезде);
- 4) менеджмент жүйесіне арналған сертификаттардың көшірмелері (болған кезде);
- 5) негізгі параметрлер мен сипаттамалардың сандық мәндері көрсетілген өнімнің негізгі тұтынушылық қасиеттерінің сипаты, сондай-ақ өнімнің бәсекеге қабілеттілік артықшылықтары (өнімнің ерекшелігі мен сапасын растайтын құжаттар);
- 6) ұйым өз нәтижелерін бағалайтын негізгі экономикалық көрсеткіштер және осы көрсеткіштердің өзгеру үрдістері;
- 7) өз қызметінің нәтижелері туралы ақпарат (ұсынылған сандық деректердің маңыздылығы мен ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік беретін қысқаша түсініктер мен деректері бар кестелермен сүйемелденуге тиіс графиктер немесе диаграммалар түрінде ұсынылады).

7. Өңірлік конкурса ұсынылатын материалдар мен өнімдерді алдын ала сараптамалық бағалауды жүргізу үшін өңірлік сараптамалық топ құрылады.

8. Өңірлік сараптамалық топтар өңірлік конкурсты ұйымдастырушының шешімімен құрылады.

Сараптамалық топтардың құрамына сапа менеджменті жүйелерін сертификаттау жөніндегі сарапшы-аудиторлар мен тиісті білім саласындағы мамандар, қоғамдық бірлестіктердің, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері кіреді.

Сараптамалық топтардың сандық құрамы кемінде 3 (үш) адамнан тұруға тиіс.

9. Жергілікті жерлерде конкурса қатысушылардың материалдары мен өнімін алдын ала сараптамалық бағалауды өңірлік конкурсты ұйымдастырушы бекіткен графикке сәйкес сараптамалық топтар жүзеге асырады.

10. Өңірлік конкурстар өңірлік конкурстарды ұйымдастырушы белгілеген мерзімде, бірақ конкурстар өткізілетін жылдың 15 шілдесінен кешіктірілмей өткізіледі.

Өңірлік сараптамалық топтар:

- 1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес "Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар";
- 2) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес "Халық тұтынатын үздік тауарлар";
- 3) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес "Үздік азық-түлік тауарлары" номинациялары бойынша өңірлік конкурстардың 9 жеңімпазын (әр номинация бойынша үшеуден) анықтайды.

Сараптамалық топтар конкурса қатысушылардың материалдары мен өнімін алдын ала сараптамалық бағалау нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес алдын ала сараптамалық қорытынды жасайды.

11. Өңірлік конкурстардың ұйымдастырушылары конкурстар өткізілетін жылдың 15 тамызынан кешіктірмей, өңірлік конкурстар жеңімпаздарының қажетті құжаттарын конкурсты ұйымдастырушыға жібереді.

Құжаттар жиынтығы осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген қосымшаларға сәйкес сараптамалық қорытындыларымен және сараптамалық бағаларымен өңірлік конкурстар жеңімпаздарының материалдарын қамтиды.

12. Өңірлік конкурстардың жеңімпаздары республикалық конкурсқа қатысады.

3. Республикалық конкурсқа ұсынылатын материалдар мен өнімді алдын ала сараптамалық бағалау тәртібі

13. Республикалық конкурсқа ұсынылатын материалдар мен өнімді алдын ала сараптамалық бағалауды жүргізу үшін республикалық конкурсты ұйымдастырушының шешімімен сараптамалық топтар (бұдан әрі – сараптамалық топтар) құрылады.

Сараптамалық топтардың сандық құрамы кемінде 5 (бес) адамды құрауы тиіс.

14. Сараптамалық топтардың құрамына сапа менеджменті жүйелерін сертификаттау жөніндегі сарапшылар мен тиісті білім саласындағы мамандар, қоғамдық бірлестіктердің, атқарушы органдардың, мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді, олар осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген қосымшаларға сәйкес кестелерде қойылған бағаларымен алдын ала сараптамалық қорытынды дайындайды

15. Сараптамалық қорытындылардың және қойылған бағалардың қорытындылары бойынша сараптамалық топтар онлайн-дауыс беруді ұйымдастыру үшін осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген үш номинация бойынша 27 финалға қатысушыны анықтайды.

Финалға қатысушылар конкурстардың ресми сайтындағы онлайн-дауыс беруге қатысады.

Республикалық конкурсты ұйымдастырушы онлайн-дауыс беруді әрбір номинация бойынша жеке, конкурс өткізілетін жылдың 15 – 25 қазан аралығында күнтізбелік 10 күн ішінде өткізеді.

Аралық дауыс беру нәтижелері конкурсты ұйымдастырушының сайтында қолжетімді.

16. Конкурсты ұйымдастырушы сараптамалық топтардың 27 финалға қатысушының жинақталған құжаттары мен онлайн-дауыс беру нәтижелерін қамтитын алдын ала сараптамалық қорытындыларын Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығының лауреаты атағын және "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсының дипломанты атағын беру жөніндегі комиссияға жеңімпаздарды марапаттау рәсімі өткізілгенге дейін бес күн бұрын жібереді.

"Қазақстанның үздік тауары"
өңірлік және республикалық
көрме-конкурстарына ұсынылатын
материалдар мен өнімді ресімдеу,

Тіркеу нөмірі _____

Конкурсты ұйымдастырушы –
Қазақстан Республикасының
Ұлттық кәсіпкерлер палатасына

Өтінім

1. Өтінім беруші Конкурста қатысушының толық атауы _____

—

Мекенжайы _____

Байланыс телефондары _____

Жұмыс істеу кезеңі _____

2. Басшысы Тегі, аты, әкесінің аты _____

—

Лауазымы _____

Мекенжайы _____

Қызметтік телефоны, факс, e-mail _____

3. Конкурста ұсынылған тауардың атауы _____

Басшының қолы 20__ жылғы " __ " _____ МО

* Электрондық нысанда тапсырылған кезде өтінім электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) расталады.

** Өтінімге осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген қағаз және/немесе электрондық пішімдегі (сканерленген) конкурстық құжаттар қоса беріледі

"Қазақстанның үздік тауары"
өңірлік және республикалық
көрме-конкурстарына ұсынылатын
материалдар мен өнімді ресімдеу,
ұсыну және алдын ала сараптамалық
бағалау қағидаларына
2-қосымша

Тіркеу нөмірі _____ Сауалнама-декларация

1. Конкурсант Қатысушының толық атауы (тіркеуге сәйкес) _____

Заңды мекенжайы _____

Пошталық мекенжайы (егер заңдыдан айырмашылығы болса) _____

Меншік нысаны _____

Негізгі қызмет түрі _____

Сала _____

Өңір _____

Жұмыс істеу кезеңі _____

2. Басшы Компания басшысының Т.А.Ә. _____

Компания басшысының лауазымы _____

Басшының байланыс телефондары (қызметтік және ұялы) _____

Басшының электрондық мекенжайы _____

3. Конкурса қатысушы туралы мәліметтер Жұмыскерлердің жалпы саны _____

— Филиалдар саны (бар болса) _____

Компания телефоны _____

Компанияның интернет-сайты _____

Компанияның логотипі _____

Компанияның өткен жылдардағы "Алтын сапа" және "Қазақстанның үздік тауары" конкурстарына қатысуы (егер қатысқан болса, онда қай жылы екенін көрсету) _____

— Көрсетілген конкурстар бойынша наградалардың болуы (егер болса, қай жылы, қандай конкурс және қандай номинация бойынша) _____

— 4. Конкурса ұсынылатын тауар туралы ақпарат _____

— Конкурса ұсынылатын тауардың атауы _____ СЭҚ ТН коды _____

5. Уәкілетті және конкурса жауапты адам _____

Тегі, аты, әкесінің аты _____

Лауазымы _____

Телефоны (оның ішінде ұялы) _____

e-mail: _____ факс _____

6. Декларация

Кәсіпорын атынан біз конкурса қатысушылар үшін белгіленген қағидаларды орындауға келісетінімізді мәлімдеймін және Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығының лауреаты атағын және "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсының дипломанты атағын беру жөніндегі комиссияның шешімін түпкілікті деп қабылдайтын боламыз. Жергілікті жерде алдын ала бағалауды жүргізу қажет болған жағдайда, біз оны ашық және шынайы өткізуге көмек көрсетеміз. Біз кәсіпорынның осындай сараптамаға байланысты шығыстарды көтеретінін түсінеміз.

Басшының қолы 20 ____ жылғы " " _____

"Қазақстанның үздік тауары"
өңірлік және республикалық
көрме-конкурстарына ұсынылатын
материалдар мен өнімді

"Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар" номинациясы

Өңір _____

Ұйым _____

Өнім _____

Өнімнің қорытынды балы _____

Сараптамалық бағалау кестесі

P/c №	Өлшемшарттар, талаптар, көрсеткіштер	Сараптамалық балдар					Орташа балл
		Сарапшының Т.А.Ә.	Сарапшының Т.А.Ә.	Сарапшының Т.А.Ә.	Сарапшының Т.А.Ә.	Сарапшының Т.А.Ә.	
1	2	3					4
1	Отандық аналогпен салыстырғанда тұтыну ерекшелігінің деңгейі (1-10 балл)						
2	Өндірілетін өнім көлеміндегі экспортқа шығарылатын өнім үлесі (0 балл; 2 % үшін 1 балл)						
	Соңғы екі жылда конкурста ұсынылған өнім өндірісі көлемінің өзгеру үрдісі (0 балл; 2 % үшін 1 балл).						

3	<p>Іс жүзінде қол жеткізілген көрсеткіште рдің өзгеру үрдістерін жоспарланған көрсеткіште рмен салыстырғанда бағалау қажет.</p>						
4	<p>Тұтынушылар, мемлекеттік бақылаушы органдар, сатып алатын ұйымдардың тарапынан сараптамалық-расталған шағымдардың болуы/болмауы (0 балл талаптар жойылмай болғаны үшін, болмағаны үшін 10 балл)</p>						
5	<p>Тұтынушылардың, сатып алатын ұйымдардың пікірлері (республиканың әртүрлі өңірлерінен және одан тыс жерлерден ресми ресімделген кемінде 10 пікір) (0-10 балл: әрбір</p>						

	пікір үшін 1 балл)						
6	Өнімдегі жергілікті қамту үлесі (0 балдан бастап: әрбір 10 % үшін 1 балл)						
7	Сапа көрсеткіштерінің тұрақтылық деңгейі (сертификатталған менеджмент жүйелерінің болуы) (0 балдан бастап: әр сертификат/ декларация үшін 5 балл)						
8	Өнімнің қауіпсіздігі н растайтын көрсеткіштер тұрақтылығының деңгейі (сәйкестік сертификаты, сәйкестік декларациясы) (0 балл; әр сертификат/ декларация үшін 5 балл)						
9	Өнімнің бәсекеге қабілеттігін арттыру мақсатында компанияның маркетингтік						

	саясатының тиімділігі (0-10 балл)						
10	Өнімді өндіру кезінде қолданылатын инновациялар ("ноу-хау", өнертабыстың, патенттердің болуы, конструкциялардың жаңалығы) (0 балдан бастап: инновацияны растайтын әрбір 1 құжат үшін 10 балл)						
Өнімнің қорытынды балы (S (сомасы) орт. балл)							

Комиссия төрағасы (Т.А.Ә.) _____

Сараптамалық топ хатшысы (Т.А.Ә.) _____

Сараптамалық топ мүшелері _____

"Қазақстанның үздік тауары"
өңірлік және республикалық
көрме-конкурстарына ұсынылатын
материалдар мен өнімді
ресімдеу, ұсыну және алдын ала
сараптамалық бағалау қағидаларына
4-қосымша

"Халық тұтынатын үздік тауарлар" номинациясы

Өңір _____

Ұйым _____

Өнім _____

Өнімнің қорытынды балы _____

Сараптамалық бағалау кестесі

Өлшемшарттар,	Сараптамалық балдар	Орташа балл

Р/с №	талаптар, көрсеткіште р	Сарапшыны ң Т.А.Ә.	Сарапшыны ң Т.А.Ә.	Сарапшыны ң Т.А.Ә.	Сарапшыны ң Т.А.Ә.	Сарапшыны ң Т.А.Ә.	
1	2	3					4
1	Отандық аналогпен салыстырға нда тұтыну ерекшелігін ің деңгейі (1 -10 балл)						
2	Өндірілетін өнім көлеміндегі экспортқа шығарылат ын өнім үлесі (0 балл; 2 % үшін 1 балл)						
3	Соңғы екі жылда конкурсқа ұсынылған өнімді өндіру көлемінің өзгеру үрдісі (0 балл; 2 % үшін 1 балл). Іс жүзінде қ о л жеткізілген көрсеткіште рдің өзгеру үрдістерін жоспарланғ а н көрсеткіште р м е н салыстырға нда бағалау қажет.						
	Әлеуметтік маңыздылы қ деңгейі (аналогпен салыстырға нда бағасы және						

4	<p>тұтынушылардың түрлі санаты үшін Қазақстан нарығындағы қолжетімділігі) (1-10 балл)</p>						
5	<p>Тұтынушылар, мемлекеттік бақылаушы органдар, сатып алатын ұйымдардың тарапынан сараптамалық-расталған шағымдардың болуы/болмауы (талаптар жойылмай болғаны үшін 0 балл, болмағаны үшін 10 балл)</p>						
6	<p>Тұтынушылардың, сатып алатын ұйымдардың пікірлері (республиканың әртүрлі өңірлерінен және одан тыс жерлерден ресми ресімделген кемінде 10 пікір) (0-10 балл: әрбір пікір үшін 1 балл)</p>						
	<p>Өнімдегі жергілікті қамту үлесі</p>						

7	(0 балдан бастап: әрбір 10 % үшін 1 балл)						
8	Сапа көрсеткіштерінің тұрақтылық деңгейі (сертификатталған менеджмент жүйелерінің болуы) (0 балл; әр сертификат/декларация үшін 5 балл)						
9	Өнімнің қауіпсіздігі н растайтын көрсеткіштер тұрақтылығының деңгейі (сәйкестік сертификаты, сәйкестік декларациясы) (0 балл; әр сертификат/декларация үшін 5 балл)						
10	Өнімді өндіру кезінде қолданылатын инновациялар ("ноу-хау" болуы, өнертабыстар, конструкциялардың жаңалығы) (0 балдан бастап,						

инновацияны растайтын әрбір 1 құжат үшін 10 балл)							
Өнімнің қорытынды балы (S (сомасы) орт. балл)							

Комиссия төрағасы (Т.А.Ә.) _____

Сараптамалық топтың хатшысы (Т.А.Ә.) _____

Сараптамалық топтың мүшелері _____

"Қазақстанның үздік тауары"
өңірлік және республикалық
көрме-конкурстарына ұсынылатын
материалдар мен өнімді ресімдеу,
ұсыну және алдын ала сараптамалық
бағалау қағидаларына
5-қосымша

"Үздік азық-түлік тауарлары" номинациясы

Өңір _____

Ұйым _____

Өнім _____

Өнімнің қорытынды балы _____

Сараптамалық бағалау кестесі

P/c №	Өлшемшарттар, талаптар, көрсеткіштер	Сараптамалық балдар					Орташа балл
		Сарапшының Т.А.Ә.	Сарапшының Т.А.Ә.	Сарапшының Т.А.Ә.	Сарапшының Т.А.Ә.	Сарапшының Т.А.Ә.	
1	2	3					4
1	Отандық аналогпен салыстырғанда тұтыну ерекшелігінің деңгейі (1-10 балл)						
2	Өндірілетін өнім көлеміндегі экспортқа шығарылатын өнім үлесі						

	(0 балл; 1 балл 2 % үшін)					
3	<p>Соңғы екі жылда конкурста ұсынылған өнімді өндіру көлемінің өзгеру үрдісі (0 балл; 2 % үшін 1 балл).</p> <p>Іс жүзінде қол жеткізілген көрсеткіштердің өзгеру үрдістерін жоспарланған көрсеткіштермен салыстырғанда бағалау қажет.</p>					
4	<p>Тұтынушылар, мемлекеттік бақылаушы органдар, сатып алатын ұйымдардың тарапынан сараптамалық-расталған шағымдардың болуы/болмауы (талаптар жойылмай болғаны үшін 0 балл, болмағаны үшін 10 балл)</p>					
	Тұтынушылардың, сатып					

5	<p>алатын ұйымдардың пікірлері (республиканың әртүрлі өңірлерінен және одан тыс жерлерден ресми ресімделген кемінде 10 пікір) (0-10 балл: әрбір пікір үшін 1 балл)</p>						
6	<p>Өнімдегі жергілікті қамту үлесі (0 балдан бастап: әрбір 10 % үшін 1 балл)</p>						
7	<p>Сапа көрсеткіштерінің тұрақтылық деңгейі (сертификатталған менеджмент жүйелерінің болуы) (0 балл; әр сертификат үшін 5 балл)</p>						
8	<p>Өнімнің қауіпсіздігін растайтын көрсеткіштер тұрақтылығының деңгейі (0 балл; әр сертификат/ декларация үшін 5 балл)</p>						

9	Өнімнің бәсекеге қабілеттігін арттыру мақсатында компанияның маркетингтік саясатының тиімділігі (0-10 балл)						
10	Өнімді өндіру кезінде қолданылатын инновациялар ("ноу-хаудың", өнертабыстың, патенттердің болуы, конструкциялардың жаңалығы) (0 балдан бастап: инновацияны растайтын әрбір 1 құжат үшін 10 балл)						
Өнімнің қорытынды балы (S (сомасы) орт. балл)							

Комиссия төрағасы (Т.А.Ә.) _____

Сараптамалық топтың хатшысы (Т.А.Ә.) _____

Сараптамалық топтың мүшелері _____

"Қазақстанның үздік тауары"
өңірлік және республикалық
көрме-конкурстарына ұсынылатын
материалдар мен өнімді ресімдеу,
ұсыну және алдын ала сараптамалық
бағалау қағидаларына
6-қосымша

Алдын ала сараптамалық қорытынды

Номинация _____

Кәсіпорынның атауы _____

Өңір _____

Басшы (лауазымы) _____

Басшының Т.А.Ә. _____

Жұмыскерлер саны _____ адам Кәсіпорын _____ жылы құрылды. Конкурса ұсынылған өнімнің атауы _____

Ұйым өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) нарықтағы үлесін қоса алғанда, жалпы қызмет нәтижелерінің сипаттамасы.

Өнімнің негізгі тұтынушылық қасиеттері, сипаттамалары, бәсекелестік артықшылықтары және ерекшеліктері. Сату нарығы, маркетингтік саясат, елдер мен жалпы үлесі көрсетілген экспорт көлемі, өнімнің тұтынушылық қасиеттерін, сапасын жақсарту динамикасы туралы мәліметтер. Заттық және (немесе) ақшалай нысандағы өндіру және сату көлемі, соңғы 2 жылдағы өсу динамикасы, өнімнің қазақстандық қамту дәрежесі, сертификатталған менеджмент жүйелерінің болуы, кәсіпорынның саланы және қоғамды дамытуға қосқан үлесі, өнертабыстардың, патенттердің болуы, конструкциялар жаңалығы, кәсіпорынның (ұйымның) норма шығармашылығы процесіне, қайырымдылыққа қатысуы және т.б. (А4 пішімінде көлемі 1 парақтан аспауға тиіс.

Қорытынды: Күшті жақтары _____

Әлсіз жақтары _____